

Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесінің ҰСЫНЫМЫ

Қаражал қаласы

№ 1

2026 жылғы 6 наурыз

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54-тармағына сәйкес Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Қален Бекзат Пердебекұлының ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Б.П.Қаленнің ақпараты назарға алынсын.

2. «Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімінің 2025 жылғы атқарылған жұмысының қортындысы және 2026 жылға жұмыс жоспары туралы мәселелерді қарастырып, шешу жолдарын ұсыну үшін «Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімінің басшысы Б.П.Қаленге ұсынылсын:

1) 2025 жылы Қаражал-Жәйрем аймағы бойынша атқарылған жұмыстарды әр бағдарлама бойынша ақпаратты ашып жазу;

2) Әр объектіге бір депутат, бір Қоғамдық кеңес мүшесін қоса отырып мобильді топ құру (мобильная группа);

3) Былтырғы 2 пәтерлі, 4 пәтерлі салынған жаңа үйлердің қаншасында адамдар тұрады және қаншасында адамдар тұмайды, ол үйлердің бос тұру себептерін көрсете отырып анализ жасау;

4) Биылғы бөлінген ақшаға карта жасап, қай жерде, қанша заңсыз жинастырылған қоқыс барын белгілеп, оны тазартуды қарастыру;

5) 023 бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар бойынша толық ақпарат беру;

6) Үнемделінген қаражат есебінен Ақтай ауылындағы көшелердің жолын асфальттау мәселесін қарастыру;

7) Гацимбиллер паркінің эскиздік жобасы мен ПСД-сын келесі отырысқа алып келіп, таныстыру;

8) 2025 жылдың қараша айында «Ескі Қаражал», «Плошадка» шағын ауданындағы ескі (қоржын) үйлерге, бос тұрған ғимараттарға жүргізілген инвентаризация нәтижесі бойынша қандай іс-әрекет қабылдауға болатыны (сүру немесе қайта жаңғырту) туралы ақпарат ұсыну;

9) 2025 жылдың 13 қарашасында аймақтың архитектуралық келбетін жақсарту, тұрғындардың өмір сүруіне қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдай жасау

мақсатында ұсынылған №7 Ұсынымның орындалуы бойынша қандай жұмыстар жүргізілгені бойынша толықтай мәлімет беру;

10) Осы ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты қалалық мәслихат аппаратына 2026 жылдың 16-наурызына дейін тапсыру.

Қоғамдық кеңестің төрағасы



А.Такибаев